LG

БӨЛМЕ КОНДИЦИОНЕРІ ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН НҰСҚАУЫ

BE01

- Кондиционерді орнату және қосу алдында осы нұсқауды көңіл қойып оқып шығыңыз.
- Кондиционерді жөндеу үшін немесе техникалық қызмет көрсету үшін өкілетті сервистік қызмет орнына өтініш жасаңыз.
- Кондиционерді орнату үшін жабдықтаушы- фирманың өкіліне өтініш жасаңыз.
- Балалар, сондай-ақ ақыл-есі кем адамдар кондиционерді пайдаланбауы өз бетінше тиіс.
- Кішкентай балалардың кондиционермен ойнауына жол бермеңіз.

Кондиционерді ор[illegible] алдында сіз кондиционерді ор[illegible]ға рұқсат алу үшін өзіңізді электр [illegible]иясымен қамтамасыз ететін қызмет [illegible]ету орнына өтініш жасауыңыз [illegible]
(EN 6055[illegible]orm құжаты).

Қауіпсіздік техникасының ережелері

Назар аударыңыз 2
Абайлаңыз 3

Пайдалану

Қосу алдындағы дайындық 4
Жүйені қашықтықтан басқару туралы 5
Жұмыс режимін таңдау кнопкасын қалай пайдалануға болады 7
Қосымша қызметтер 13

Кондиционерді күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсету 16
Егер кондиционер ұзақ уақыт пайдаланбай болса.....18
Сіз көмек сұрамас бұрын.....19

Қауіпсіздік техникасының ережелері

Пайдаланушыға, басқа адамдарға немесе мүлікке зақым келтірмес үшін келесі ережені сақтаңыз

■ Ережені орындамау салдарынан дұрыс пайдаланбау мертігуге немесе зақымдануға әкеліп соғуы мүмкін, ереженің маңыздылығы келесі индикаторларға сәйкес сыныпталады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бұл ережелерді орындамау өлімге немесе дененің елеулі зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Бұл ережелерді орындамау тек қана дененің зақымдануына немесе мүліктің бүлінуіне әкеліп соғуы мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

■ **Осы кондиционерді өз бетіңізше орнатпаңыз, шығарып алмаңыз және қайтадан орнатпаңыз.**

- Дұрыс орнатлау судың ағуын, электр тогының соғуын немесе өртті туғызуы мүмкін. Ресми делдалмен немесе орнату жөніндегі маманмен кеңесіңіз. Дұрыс орнатлаудан болған ақаулықтар кепілдік таратылмайтынына назар аударыңыз.
- Кондиционер оңай қол жететін жерде орнатылуға тиіс.

Кондиционерге қызмет көрсетуге қажетті кез келген қосымша шығынды сатып алушы төлейді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Осы ережені орындамау электр тогының соғуына немесе қызып кету салдарынан жануға әкеліп соғуы мүмкін.
- Осы ережені орындамау электр тогының соғуына немесе қызып кету салдарынан жануға әкеліп соғуы мүмкін.
- Осы ережені орындамау электр тогының соғуына немесе өртке әкеліп соғуы мүмкін.
  Егер кондиционерге қоса берілген ток көзіне
- қосу сымы қандай да бір себептен зақымданған болса, онда ол сіз сервистік қызмет орнынан немесе шығарушы-фирмадан сатып алуыңызға болатын арнайы ток көзіне қосу сымымен ауыстырылуға тиіс.

- Осы ережені орындамау электр тогының соғуына немесе қызып кету салдарынан жануға әкеліп соғуы мүмкін.
- Осы ережені орындамау электр тогының соғуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Желдеткіштің тез жылдамдықпен айналуы салдарынан бұл мертігуге немесе кондиционерді зақымдауға әкеліп соғуы мүмкін.

- Бұл сіздің денсаулығыңыз үшін қауіпті.
- Егер кондиционер бүзілған жұмыс режимінде жұмысын жалғастыратын болса, бұл өртті, зақымдануды және т.б. туғызуы мүмкін. Бұл жағдайда өзіңіздің делдалыңызбен кеңесіңіз.
- Егер жөндеу немесе орнын ауыстыру дұрыс жүргізілмесе, бұл өртке, электр тогының соғуына, мертігуге әкеліп соғуы мүмкін.
  Егер кондиционерді жерге түсіріп алсаңыз немесе судың ағып кетуінен және т.б. Өзіңіздің делдалыңызбен кеңесіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Кондиционерге техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу үшін өкілетті сервистік қызмет орнының мамандарына өтініш жасаңыз.
- Кондиционерді орнату үшін жабдықтаушы-фирманың өкіліне өтініш жасаңыз.
- Балалар немесе ақыл-есі кем адамдар өз бетінше кондиционерді пайдаланбауға тиіс.
- Балалардың кондиционермен ойнауына жол бермеңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ



- Осы ережені орындамау дененің зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін.
- Кондиционер ток көзінен ажыратылуы тиіс.




- Осы ережені орындамаған кезде су кондиционердің ішіне кіріп, оқшауламаны бұлдіруі мүмкін, бұл өз кезегінде электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



- Осы ережені орындамау үйдегі оттегінің жетіспеуіне әкелуі мүмкін.



- Желдеткіштің тез айналатын қалақшалары жарақаттануға себеп болуы мүмкін.



- Осы ережені орындамау жануарға немесе өсімдікке зақым келтіруі мүмкін.



- Кондиционер құлап, мертігуге себеп болуы мүмкін.



- Осы ережені орындамау кондиционер корпусы түрінің өзгеруіне немесе жануына әкеліп соғуы мүмкін.



- Бұл жанып кетуді туғызуы мүмкін.



- Құлаған кезде бұл мертігуге және т.б. әкеліп соғуы мүмкін.



- Айналып тұрған желдеткіш мертіктіруі мүмкін.



- Олай болмаған жағдайда шаң мен кір жиналып қалып, жанып кетуді туғызуы мүмкін.



- Бұл ережені орындамау құлаған кезде мертігуге әкеліп соғуы мүмкін.




- Кондиционерді дәл аспаптарды,тамақты, өнер заттарын сақтауға қажетті жағдай жасау үшін немесе өсімдіктер немесе жануарларға қажетті орта орнату үшін пайдаланбаңыз. Бұл олардың бүлінуіне, саласының нашарлауына әкеліп соғуы немесе өсімдіктер мен жануарларға зақым келтіруі мүмкін.



- Егер кондиционер бөлме температурасында жоғары ылғалдылық (салыстырмалы ылғалдылық 80% және одан да жоғары) жағдайында ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын болса, кондиционердің ішіндегі жинақталған су салқындату режимінде төгіліп кетіп жиһазды сулауы және бұлдіруі мүмкін.

Қосу алдындағы дайындық

Батареяны қалай қою керек




1. Батареяларды жауып тұрған қақпағын, суретте көрсетілгендей, бағдаршаның бағытымен жылжытыңыз.
2. Батареялар (+) және (-) дұрыс тұрғанына көз жеткізіп, жаңа батареяларды қойыңыз.
3. Қақпағын орнына жылжытыңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- 2 AAA (1,5 В) батареяларын пайдаланыңыз. Аккумулятордың батареяларын пайдаланбаңыз.

Қашықтықтан басқару пультін пайдалану жөніндегі кеңестер және сақтау

- Қашықтықтан басқару пульті қабырғаға бекітілуі мүмкін.
- Кондиционерді қосу үшін қашықтықтан басқару пультін белгілерді қабылдағышқа бағыттаңыз.






Белгілерді қабылдағыш

Қашықтықтан басқару пультінен белгілерді қабылдайды. (Белгіні қабылдаудың дыбыстық белгісі: екі қысқа және бір ұзын гудок естіледі).

Жұмыс режимінің индикаторлық шамы


⏻	Қосу/Ажырату	: Жүйе жұмыс істеген кезде жанады.
☆	Күту режимі	: Берілген уақытта автоматты ажырату режимі кезінде жанады.
🕒	Таймер	: Таймер жұмыс істеп тұрған кезде жанады.
✳	Еру режимі	: Ыстық жағдайда (жылу сораптары бар үлгі үшін ғана) іске қосу режимінде немесе еріту режимі кезінде жанады.
OUT DOOR	OUTDOOR UNIT OPERATION	: Сыртқы блок (тек суытқыш үлгілерде) жұмыс істеп тұрған кезде жанады.
	ҚУАТТЫЛЫҚ ДИСПЛЕЙІ (Тек қана инвертор)	: компрессордың жұмыс жиілігін және қойылған температурасын көрсетеді (5 сатылы).



Жүйені қашықтықтан басқару туралы

Қашықтықтан басқару жүйеге белгі береді.

Қашықтықтан басқару пультінің сипаттамасы - қақпақ жабық



ҚОСУ/АЖЫРАТУ КНОПКАСЫ
Бұл кнопканы басқан кезде прибор қосылады, қайталап басқан кезде - ажыратылады.

ЖҰМЫС РЕЖИМІН ТАҢДАУ КНОПКАСЫ
Бұл жұмыс режимін таңдау кнопкасы.

ҮЙДЕГІ ТЕМПЕРАТУРАНЫ ҚОЮ КНОПКАСЫ
Бөлме температурасын таңдау үшін пайдаланылады.

БӨЛМЕ ЖЕЛДЕТКІШІНІҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ТАҢДАУ КНОПКАСЫ
Желдеткіштің жылдамдығын: әлсіз, орташа, жоғары немесе CHAOS таңдау үшін пайдаланылады.

ТЕЗ СУЫТУ КНОПКАСЫ
Тез суытуды іске қосу немесе режимді тоқтату үшін пайдаланылады. (Тез суыту желдеткіштің ең жоғары жылдамдығын суыту режимінде пайдаланады).

CHOAS КНОПКАСЫ
Жапқыштардың қозғалысын іске қосу немесе тоқтату және ауа ағынын жоғары/төмен бағыт бойынша қалаған бағытқа қою үшін пайдаланылады.

Жұмыс режимі




(суыту үлгісі)



(жылу сорабы бар үлгі)

Қашықтықтан басқару пультінің сипаттамасы - қақпақ жабық



ТАЙМЕРДІҢ ON/OFF КНОПКАСЫ
Жұмыстың басталу және аяқталу уақытын қою үшін пайлаланылады.

УАҚЫТТЫ ҚОЮ КНОПКАСЫ
Уақытты түзету үшін пайдаланылады (13-бетті қараңыз).

ТАЙМЕРДІҢ SET/CANCEL КНОПКАСЫ
Қажетті уақыт қойылған кезде таймерді бекіту үшін және таймер режимін алып тастау үшін пайдаланылады. (13- бетті қараңыз).

КҮТУ РЕЖИМІН АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ҚОСУ КНОПКАСЫ
Күту режимін автоматты түрде қосу үшін пайдаланылады (13-бетті қараңыз).

АУА АЙНАЛЫМЫ КНОПКАСЫ
Суытусыз немесе жылытусыз (ішкі желдеткіштерді қосу/ажырату) үйдегі ауа айналымы режимі үшін пайдаланылады. (14-бетті қараңыз)


ҮЙДЕГІ ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАҚЫЛАУ КНОПКАСЫ
Үйдегі температураны бақылау үшін пайдаланылады.

PLASMA КНОПКАСЫ
Плазмалық тазаларту қызметін тоқтату немесе іске қосу үшін пайдаланылады. (12-бетті қараңыз).

RESET КНОПКАСЫ
Уақытты қайталап орнату үшін немесе батареяларды ауыстырғаннан кейін пайдаланылады.

Жұмыс режимін таңдау кнопкасын қалай пайдалануға болады


Суыту режимі




1 Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз. Сіз жауап ретінде дыбыс белгісін естисіз.



2 Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын ашыңыз. **Суыту режимін** таңдау үшін жұмыс режимін таңдау кнопкасын басыңыз. Кнопканы әрбір басу жұмыс режимін бағдарша тілінің бағыты бойынша өзгертеді.



3 Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын жабыңыз. Температураны бөлменің температурасына қарағанда төменірек шамаға орнатыңыз. Температура 18 °С-тан 30°С-ке дейінгі аумақта 1°С үзіліспен қойылуы мүмкін.




4 Пульттің қақпағы жабық болған кезде желдеткіштің жылдамдығын қайта қойыңыз. Сіз желдеткіштің келесі 4 жылдамдығын: әлсіз, орташа, жоғары немесе CHAOS таңдап алуыңызға болады. Кнопкаға әрбір басу жұмыс режимін өзгертеді.



CHAOS қисынды басқару көмегі кезіндегі табиғи жел

- Желдеткіштің басқа жылдамдықтарына қарағанда неғұрлым таза ауаны жақсы сезіну үшін бөлмедегі желдеткіштің жылдамдығын таңдау кнопкасын басыңыз да CHAOS режимін қойыңыз.
  Бұл режимде CHAOS қисынды басқару көмегімен желдеткіштің жылдамдығын автоматты түрде өзгерте отырып, ауа ағыны табиғи жел сияқты болады.


Автоматты жұмыс режимі




1 Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз. Сіз жауап ретінде дыбыс белгісін естисіз.



2 Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын ашыңыз. **Автоматты жұмыс режимін** таңдау үшін жұмыс режимін таңдау кнопкасын басыңыз. Кнопканы әрбір басу жұмыс режимін бағдарша тілінің бағыты бойынша өзгертеді




3 Желдеткіштің температурасы мен жылдамдығы үйдегі ағымды температура негізінде электрондық басқарумен автоматты түрде қойылады. Егер сіз берілген температураны өзгерткіңіз келсе, қашықтықтан басқару пультінің қақпағын жабыңыз және үйдегі температураны қоятын кнопканы басыңыз. Сізге ыстық немесе суық болуына қарай не температураны жоғарылату, температураны төмендету (екі ретке дейін) кнопкасын басыңыз. Содан кейін берілген температура автоматты түрде өзгеріп отырады.



Автоматты жұмыс режимі кезінде

- Сіз желдеткіштердің жылдамдығын ауыстыра алмайсыз. Ол FUZZY принципі бойынша қойылған.
- Егер жүйе сізге қажетті режимде жұмыс істемесе, оны басқа режимге қолмен ауыстырыңыз. Жүйе суыту режимінен жылыту режиміне немесе керісінше автоматты түрде ауысып қосыла алмайды - бұл шамалар алынып тасталған соң қолмен жасалуға тиіс.
- Автоматты жұмыс кезінде ретсіз қозғалыс кнопкасын басқанда колбеу жапқыштар автоматты түрде көтеріледі және төмен түседі. Егер сіз жапқыштардың автоматты қозғалысын алып тастағыңыз келсе, ретсіз қозғалыс кнопкасын тағы бір рет басыңыз.


Денсаулық үшін қолайлы ылғал сіңіру режимі



1 Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз. Сіз жауап ретінде дыбыс белгісін естисіз.



2 Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын ашыңыз. **Денсаулық үшін қолайлы ылғал сіңіру** режимін таңдау үшін жұмыс режимін таңдау кнопкасын басыңыз. Кнопканы әрбір басу жұмыс режимін бағдарша тілінің бағыты бойынша өзгертеді.



3 Пульттің қақпағы жабық болған кезде желдеткіштің жылдамдығын қайта қойыңыз. Сіз желдеткіштің жылдамдығын: әлсіз, орташа, жоғары немесе CHAOS таңдап алуыңызға болады. Кнопканы әрбір басу жұмыс режимін өзгертеді.



CHAOS қисынды басқару көмегі кезінде табиғи жел

- ☐ Желдеткіштің басқа жылдамдықтарына қарағанда неғұрлым таза ауаны жақсы сезіну үшін бөлмедегі желдеткіштің жылдамдығын таңдау кнопкасын басыңыз да CHAOS режимін қойыңыз. Бұл режимде CHAOS қисынды басқару көмегімен желдеткіштің жылдамдығын автоматты түрде өзгерте отырып, ауа ағыны табиғи жел сияқты болады.


Денсаулық үшін қолайлы ылғал сіңіру режимі кезінде:

- ☐ Егер сіз ылғал сіңіру режимін режимді таңдау кнопкасында таңдап алсаңыз, бөлмедегі температура негізінде ылғал сіңіру үшін кондиционер ылғалды сіңіру қызметін іске қосады, автоматты түрде бөлме температурасын және ауа ағынының қысымын қояды.

Алайда, бұл жағдайда қойылған температура қашықтықтан басқару пультінің дисплейінде көрсетілмейді және сіз бөлмедегі температураны бақылай алмайсыз.

- ☐ Ылғалды сіңіру қызметі кезінде ауа ағынының көлемі үйдегі температураға сәйкес оңтайлау алгоритміне сәйкес автоматты түрде қойылады, және тіптен жоғарғы ылғалдылық жағдайында үйдегі ауа салқын және құрғақ болады.


Жылыту режимі (тек жылу сорабы бар үлгі)




1 Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз. Сіз дыбыс белгісін естисіз.



2 Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын ашыңыз. **Жылыту режимін** таңдау үшін жұмыс режимін таңдау кнопкасын басыңыз. Кнопканы әрбір басу жұмыс режимін бағдарша тілінің бағыты бойынша өзгертеді.



3 Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын жабыңыз. Температураны бөлменің температурасына қарағанда жоғарырақ шамаға қойыңыз. Температура 16°C-тан 30°C-ке дейінгі аумақта 1°C үзіліспен қойылуы мүмкін.




4 Пульттің қақпағы жабық болған кезде желдеткіштің жылдамдығын қайта қойыңыз. Сіз желдеткіштің келесі 4 жылдамдығын: әлсіз, орташа, жоғары немесе CHAOS таңдап алуыңызға болады. Кнопканы әрбір басу жұмыс режимін өзгертеді.



CHAOS қисынды басқару көмегі кезіндегі табиғи жел

- Желдеткіштің басқа жылдамдықтарына қарағанда неғұрлым таза ауаны жақсы сезіну үшін бөлмедегі желдеткіштің жылдамдығын таңдау кнопкасын басыңыз да CHAOS режимін қойыңыз. Бұл режимде CHAOS қисынды басқару көмегімен желдеткіштің жылдамдығын автоматты түрде өзгерте отырып, ауа ағыны табиғи жел сияқты болады.

Тез суыту режимі



1 Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз.
Сіз дыбыс белгісін естисіз.



2 Тез суыту режимін іске қосу үшін **Тез Суыту** кнопкасын басыңыз. Кондиционер желдеткіштің өте жоғары жылдамдық режимінде 30 минөт бойы жұмыс істейді.



3 **Тез Суыту** режимін алып тастау үшін тағы бір рет **Тез Суыту** кнопкасын, немесе желдеткіш жылдамдығының кнопкасын немесе үйдегі температураны қою кнопкасын басыңыз, кондиционер суыту режимінде желдеткіштің жоғары жылдамдығында жұмыс істейтін болады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:


- Тез Суыту режимі жұмыс істеп тұрған кезде кондиционер үйдегі температураны 18°C белгісіне қоя отырып, 30 минөт бойы ауаны өте жоғары жылдамдықта суыта бастайды. Бұл қызмет әсіресе қоршаған ортаның температурасы жоғары болған кезде үйдегі температураны қысқа мерзім ішінде суыту үшін пайдаланылады.

Тез Суыту қызметі жылу сорабы немесе neuro fuzzy режимінде берілмейді.

- Тез Суыту режимінен стандартты суыту режиміне оралу үшін не жұмыс режимін таңдау, ауа ағынының көлемін таңдау кнопкасын, температураны қою режимінің кнопкасын не тағы бір рет Тез Суыту кнопкасын басыңыз.

Плазмалық тазалау режимі (стандартты жиынтыққа кірмейді)

PLASMA



1 Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз.
Сіз дыбыс белгісін естисіз.



2 Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын ашыңыз.
PLASMA плазмалық ауа тазалау режимінің ON/OFF таңдау кнопкасын басыңыз. Кнопканы бір рет басқан кезде режим іске қосылады, PLASMA кнопкасын қайталап басқан кезде тоқтайды.




3 Пульттің қақпағы жабық болған кезде желдеткіштің жылдамдығын қайта қойыңыз. Сіз желдеткіштің келесі 4 жылдамдығын: әлсіз, орташа, жоғары және CHAOS таңдап алуыңызға болады.. Кнопканы әрбір басу жұмыс режимін өзгертеді.

* Суытумен ауаны тазалау (PLASMA) режимі. Жылыту немесе кез келген басқа жұмыс режимдері.



Тек қана ауаны плазмалық тазалау режимі



Егер сіз тек қана PLASMA кнопкасын бассаңыз плазмалық ауа тазалау режимі қосылады. Содан кейін желдеткіштің жылдамдығы "әлсіз" режиміне қойылады.
Сіз желдеткіштің келесі 4 жылдамдығын: әлсіз, орташа, жоғары немесе CHAOS таңдап алуыңызға болады.
Кнопканы әрбір басу (🌀) желдеткіштің жылдамдық режимін ауыстырады.

Қосымша қызметтер

Кондиционерді автоматты ажырату уақытын қою (ұйқы кезінде) үшін Берілген уақытта автоматты ажырату кнопкасын басыңыз.



Таймер Берілген уақытта автоматты ажырату (бір реттен жеті ретке дейін) кнопкасын басумен бағдарланады, аралық -1 сағат. Уақытты 1 сағат үзіліспен өзгерту үшін пультті кондиционерге бағыттап Берілген уақытта автоматты ажырату кнопкасын басыңыз.

ЖСД (жарық сәулелендіргіш диод) Берілген уақытта автоматты ажырату жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Күту режимін алып тастау үшін дисплейде жұлдызша сонгенше Берілген уақытта автоматты ажырату кнопкасын бірнеше рет басыңыз.

Ескерту: тыныштықта ұйықтау үшін берілген уақытта автоматты ажырату режимі желдеткіштің әлсіз жылдамдығында (суыту) немесе желдеткіштің орташа жылдамдығында (тек қана жылу сорабы үшін) қосылады.

САЛҚЫНДАТУ РЕЖИМІНДЕ: жайлы ұйықтау үшін температура автоматты түрде келесі 30 минөт ішінде 1°C - қа және 1 сағаттан кейін 2°C - қа көтеріледі.

Уақытты қою

Уақыт сіз тек Reset кнопкасын басқан кезде ғана қойылуы мүмкін. Егер сіз қазір ғана батареяны ауыстырсаңыз, уақытты ауыстыру үшін Reset кнопкасын басыңыз.

Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз.



Өзіңізге қажетті уақытты қойғанша уақытты қою кнопкасын басыңыз.



Таймерді қою Set кнопкасын басыңыз.




Ескерту: индикаторды тексеріңіз түске дейін (A.M.) және түстен кейін (P.M.).

Кейінге қалдырып қосу/Бағдарланған қосу

Қашықтықтан басқару пультінің дисплейі тура уақытқа қойылғанына көз жеткізіңіз.

Таймерді қосу немесе ажырату үшін таймердің ON/OFF кнопкасын басыңыз.



Өзіңізге қажетті уақытты қойғанша уақытты қою кнопкасын басыңыз.



Таймерді қою Set кнопкасын баса отырып, қашықтықтан басқару пультін белгі қабылдағышқа бағыттап, таңдап алынған қойылымды ON/OFF басыңыз.



Таймер қойылымын өзгерту үшін.



Қашықтықтан басқару пультін белгі қабылдағышқа бағыттап CANCEL таймерді өзгерту кнопкасын басыңыз. (Кондиционердегі таймердің және дисплейдің шамы сөнеді).

Ескерту: келесі жұмыстың 4 түрінің біреуін таңдап алыңыз.

Кондиционердің жұмысы кезінде



Кейінге қалдыруды ажырату (OFF) таймері



Кейінге қалдыруды қосу (ON) таймері




Кейінге қалдыруды ажырату (OFF) және қосу (ON) таймері



Кейінге қалдыруды қосу (ON) және ажырату (OFF) таймері

Ауа ағынының тік бағытын басқару

Ауа ағынын жоғары/төмен бағыттау (тік ағын) қашықтықтан басқару пультін пайдаланып реттелуі мүмкін.



Кондиционерді тоқтату үшін Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз.

Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын ашыңыз. CHAOS кнопкасын басыңыз, жапқыштарды жоғары және төмен қозғалтуға болады. Өзіңізге керекті ауа ағынының бағытын алу үшін CHAOS кнопкасын басыңыз.




Назар аударыңыз:

- Егер сіз CHAOS кнопкасын бассаңыз, үйдегі ауаны бірқалыпты бөлу үшін және сонымен қатар табиғи жел сияқты ауа ағынын адам жақсы сезінуі үшін ауа ағынының көлбеу бағыты CHAOS алгоритмі негізінде автоматты түрде өзгеріп отырады.
- Сіз ауа ағынының бағытын жоғары/төмен реттегіңіз келсе, әрқашан қашықтықтан басқару пультін пайдаланыңыз. Тік ауа ағыны жапқыштарының бағытын қолмен өзгерту кондиционерді зақымдауы мүмкін.
- Құрылғы сөніп тұрған кезде ауа ағынын жоғары /төмен бағыттаушы жапқыштар жүйенің ауа шығатын саңлауын жауып тұрады.

Ауа ағынының бағытын солға/оңға реттеу үшін(көлбеу ауа ағыны)

Абайлаңыз: Көлбеу ауа ағынын басқаруды реттеудің алдында кондиционердің ажыратылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Ауа ағынының көлбеу бағытына жетуді қамтамасыз ету үшін тік жапқыштарды абайлап ашыңыз.

Оңға/солға бағыттауды қолмен реттеңіз.




Ауа айналымы режимі

Үйдегі жылытусыз және суытусыз ауа ағынының айналымы

Қосу/Ажырату кнопкасын басыңыз. Сіз жауап ретінде дыбыс белгісін естисіз.

Қашықтықтан басқару пультінің қақпағын ашыңыз. Ауа айналымы кнопкасын басыңыз. Пульттің қақпағын жабыңыз. Енді сіз желдеткіштің жылдамдығын таңдау кнопкасын әрбір басқан сайын желдеткіш әлсіз жылдамдықтан ретсіз қозғалыс CHAOS режиміне және қайтадан әлсіз жылдамдыққа ауыстырылып қосылады.



Ескерту:


- Ретсіз ауа қозғалысы (CHAOS Air) электр энергиясын пайдалануды үнемдейді және суып кетуді болдырмайды. Желдеткіштің жылдамдығы қоршаған ауа температурасына байланысты автоматты түрде жоғарыдан әлсізге дейін, және керісінше ауысып отырады.

Сырғымалы ауыстырып қосқышты пайдалану

FORCED OPERATION

Қашықтықтан басқаруды пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда кондиционерді қалай қосуға болады.

Алдыңғы панельді жоғары қозғалтып ашыңыз және сырғымалы ауыстырып қосқышты FORCED OPERATION (күштеп жұмыс істету) жағдайына ауыстырып қосыңыз.




Егер сіз кондиционердің жұмысын ажыратқыңыз келсе, ауыстырып қосқышты AUTO RESTART немесе REMOTE CONTROL режиміне қойыңыз. Егер электрмен қамтамасыз ету жүйесінде іркіліс болса, ал содан кейін электр тогы қайтадан берілсе, ол кезде кондиционер FORCED OPERATION режимінде болса, жұмыс режимі автоматты түрде келесі тәртіппен қойылады: алғашқы қойылған режим FORCED OPERATION режимінде жұмыс істейді.

	Суыту үлгісі	Жылу сорабы бар үлгі		
		Бөлме темп.≥24°C	21°C≤ Темп <24°C	Бөлме темп.<21°C
Жұмыс режимі	Суыту	Суыту	Денсаулық үшін қолайлы ылғал сіңіру	Жылыту
Ішкі желдеткіштің жылдамдығы	Жоғары	Жоғары	Денсаулық үшін қолайлы ылғал сіңіру режиміне сәйкес	Жоғары
Қойылатын температура	22°C	22°C	23°C	24°C

Auto restart

Егер электрмен қамтамасыз ету жүйесінде іркіліс болса, ал содан кейін электр тогы қайтадан берілсе Auto restart алдыңғы жұмыс режимдерін автоматты түрде қайтадан қалпына келтіретін қызмет болып табылады.


Егер сіз осы режимді пайдаланғыңыз келсе алдыңғы панельді жоғары қозғалтып ашыңыз және сырғымалы ауыстырып қосқышты Auto restart жағдайына қойыңыз. Егер сіз бұл режимді пайдаланғыңыз келмесе сырғымалы ауыстырып қосқышты REMOTE CONTROL жағдайына қойыңыз.



Егер сіз үйден уақытша шығатын болсаңыз, ауыстырып қосқышты REMOTE CONTROL жағдайына қойыңыз.

Пайдалы ақпараттар

Желдеткіштің жылдамдығы және суыту қуаттылығы. Ерекшелікте көрсетілген суыту қуаттылығы - бұл желдеткіш жоғары жылдамдыққа қойылғандағы мәні. Егер желдеткіштің жылдамдығы орташа немесе әлсіз болса, қуаттылық азаяды. Егер сіз бөлмені тез суытқыңыз келсе, желдеткіштің жоғары жылдамдығын пайдалану ұсынылады.



Кондиционерді күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсету

Абайлаңыз: кондиционерге қызмет көрсетуді жүзеге асырар алдында жүйені ток көзінен бөліп тастаңыз.


Ішкі блок

Қашықтықтан басқару пульті, корпус және желдеткіш торы

❑ Тазарту алдында жүйені ток көзінен бөліп тастаңыз. Ағартқышты немесе түрпілі материалдарды пайдаланбаңыз.


Ескерту:

Ішкі бакты тазарту алдында ток көзінен ажыратылуға тиіс.




АУА СҮЗГІЛЕРІ

Желдеткіштің торының ар жағында орналасқан ауа сүзгілерін әрбір 2 жеті сайын немесе егер қажет болса, жиірек тексеру және сүрту керек.



PLASMA, DEODORIZER СҮЗГІЛЕРІ (ЖИНАҚҚА КІРМЕЙДІ)

Ауа сүзгісінің ар жағында орналасқан Plasma сүзгісін әрбір 3 ай сайын немесе, егер қажет болса, жиірек тексеру және сүрту керек.



⚠ Сіз желдеткіш торын ашқаннан кейін 10 секундтей PLASMA сүзгісіне тиіспеңіз, бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

❑ Мына төмендегілерді ешуақытта пайдаланбаңыз:
- Температурасы 40°C асатын суды себебі ол түссіздендіруі және түрін өзгертуі мүмкін.
- Ұшпа заттар, олар кондиционердің үстіңгі бетін зақымдауы мүмкін.



Панельдің алдыңғы бөлігін көтеріңіз және сүзгіні шығару үшін абайлап сүзгінің ілмегінен алға қарай тартыңыз.

Сүзгіні шаңсорғыштың көмегімен немесе жылы сабынды сумен тазартыңыз.
- Егер сүзгі балшықпен ластанған болса, оны жуғыш зат және жылырақ судың ерітіндісімен жуыңыз.
- Егер ыстық су (40°C немесе жоғары) пайдаланылатын болса, сүзгі озгеріске ұшырауы мүмкін.

Жарық түспейтін жерде кептіріңіз.

Орнына қойыңыз.

Сіз ауа сүзгісін суырып алғаннан кейін PLASMA сүзгісін абайлап алға қарай тартыңыз.

PLASMA сүзгісін 20-30 минутқа бейтарап жуғыш зат пен судың ерітіндісіне салыңыз.

PLASMA сүзгісін күн түспейтін жерде 1 күн бойы кептіріңіз (әсіресе кондиционердің осы бөлшегі өте құрғақ болуы тиіс).

Кернеулі электр желісінен болінгеніне көңіл аударыңыз.

PLASMA сүзгісін орнына қойыңыз.

Сіз ауа сүзгісін суырып алғаннан кейін DEODORIZER сүзгісін абайлап алға қарай тартыңыз.


Күн көзінде 2 сағат бойы кептіріңіз.

DEODORIZER сүзгісін орнына қойыңыз.


Тазартқыш сүзгіні ауыстыру (жинаққа кірмейді)

- Пайдалануға ұсынылатын кезең: 2 жыл.


1. Алдыңғы панельді ашыңыз да ауа сүзгілерін шығарып алыңыз.




2. Ауа тазарту сүзгілерін шығарыңыз.
3. Жаңа ауа тазарту сүзгілерін орнатыңыз.




4. Ауа сүзгілерін орнына салыңыз да, алдыңғы панельді жабыңыз.







Сыртқы блок

Жылу алмастырғыш шиыршықтарын және сыртқы блок панеліндегі сақлауды жүйелі түрде тексеру керек. Күйемен немесе балшықпен былғанған жағдайда панельдегі сақлау мен жылу алмастырғышты маман будың көмегімен тазартуға тиіс



АБАЙЛАҢЫЗ:
Ластанған және бітеліп қалған шиыршықтар жүйенің жұмыс тиімділігін төмендетеді және пайдалану шығынының жоғарылауына себеп болады





Егер кондиционер ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса

Егер кондиционер ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса

1. Кондиционерді 2-3 сағатқа ауа айналымы режиміне қойыңыз (14-бетті қараңыз).
   - Бұл ішкі механизмдерді кептіреді.
2. Ток көзінен ажыратыңыз да қосқыш шанышқыны розеткадан шығарыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер кондиционер ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, ток көзінен ажыратыңыз.
Кір жиналып, орт туғызуы мүмкін.

3. Қашықтықтан басқару пультінен батареяны шығарып алыңыз.

Егер кондиционер қайта қосылатын болса

1. Ауа сүзгісін тазартыңыз және оны ішкі блокқа орнатыңыз. (16-бетті қараңыз сүзгіні қалай тазарту керек деген).
2. Ауа қабылдау және ауа шығару саңлаулары бітеліп қалмағанын тексеріңіз

Пайдалану жөніндегі кеңестер

Бұл денсаулық үшін зиянды және электр энергиясын көп жұмсайды.	Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде тікелей күн сәулесі бөлмеге түспеуге тиіс.	Бөлмеде бірқалыпты температура орнату үшін көлбеу және тік жапқыштардың бағытын реттеңіз.
Бөлмеде салқын ауаны сақтау үшін есіктер мен терезелерді неғұрлым сирек ашыңыз.	Ауа сүзгісінің бітелуі ауа ағынын, суыту қызметін және ылғалды сіңіру қызметін нашарлатады. Сүзгіні кем дегенде аптасына бір рет тазартыңыз.	Терезе үнемі жабық болғандықтан мезгіл-мезгіл терезені ашып, бөлмені желдету керек.

Сіз көмек сұрамас бұрын....

Ақаулықтарды жою жөніндегі кеңестер! Ақшаңыз бен уақытыңызды үнемдеңіз!

Сервис орталығына өтініш жасамас бұрын төмендегілерді тексеріңіз... Егер ақаулық жойылмаса, өзіңіздің делдалыңызға немесе сервис орталығына өтініш жасаңыз.

Ақаулықтар	Түсіндіру	Беттерді қараңыз
Кондиционер жұмыс істемейді	• Таймер дұрыс жұмыс істей ме?	13
	• Сақтандырғыш күйіп кеткен жоқ па немесе ток көзінен бөлініп қалған жоқ па?	–
Бөлмеде ерекше иіс бар	• Бөлмедегі қабырғалар, еден жабындары, жиһаз немесе киім дымданып кеткен жоқ па, соны тексеріңіз.	–
Кондиционерден конденсат ағып жатқан сияқты	• Кондиционердегі ауа ағыны бөлмедегі жылы ауаны суытса конденсация пайда болады.	–
Қайтадан қосқаннан кейін 3 минөтке жуық кондиционер жұмыс істемейді.	• Бұл механизмді қорғау құрылғысы. Тағы 3 минөттей күте тұрыңыз, жұмыс қайта іске қосылады.	–
Суыту немесе жылыту тиімді емес	• Ауа сүзгісі бітеліп қалған жоқ па? Ауа сүзгісін тазарту жөніндегі нұсқауды қараңыз.	16
	• Температура дұрыс қойылған ба?	7,10
	• Ішкі блоктың ауа қабылдау және ауа шығару саңлаулары жабылып қалған жоқ па?	
Кондиционер шулы жұмыс істейді	• Егер дыбыс су ағынының дыбысы сияқты болса? - Бұл кондиционерді толтыратын фреонның дыбысы.	–
	• Егер дыбыс қысыңқы ауаның сыртқа шығуы сияқты болса? - Бұл кондиционердің ішіндегі кептіріліп жатқан судың дыбысы	4
Қашықтықтан басқару пультінің дисплейіндегі бейне немесе күңгірт бейне көрінбейді.	• Батарея разрядталған жоқ па? • Батареяның (+) және (-) полюстері дұрыс орнатылған ба?	–
Сатырлаған дыбыс естисіз.	• Бұл дыбыс температураның өзгеруінен алдыңғы панельдің кеңеюі/сығылуы кезінде және т.б. болады	

ЕСКЕРТУ:
СУ ӨТКІЗГІШТІК: кондиционердің сыртқы бөлігі су өткізбейді.
Кондиционердің ішкі жағы су өткізеді, оған су құймаңыз.



LG Electronics Inc.

P/No.: 3828A30045P

Printed in Korea